



05-01/75 29.05.2026




БЕКІТЕМІН
АҚ «ОҚМА» ректоры
Ж.С. Сейтжанова
2026 ж.

«ОҚМА» АҚ ҒЫЛЫМДЫҚ КЕҢЕСІ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Е 304-2026

Мерзімі	Көшірмесі	Басылым
		Төртінші


Шымкент қ.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі	Е 304-2026 4-ші басылым 11 беттің 2 беті	
«ОҚМА» АҚ Ғылымдық кеңесі туралы ереже		

1. «ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ҰСЫНҒАН.

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңесінің шешімімен БЕКІТІЛДІ.

Тексеру мерзімділігі – 3 жыл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі «ОҚМА» АҚ Ғылымдық кеңесі туралы ереже	Е 304-2026 4-ші басылым 11 беттің 3 беті	

МАЗМҰНЫ

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
2 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	5
3 БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	6
4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	6
5 ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ	7
6 НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	7
7 НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТІ	8
8 ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	8
9 ЖАУАПКЕРШІЛІК	9
10 ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН БАЙЛАНЫС РЕТТІЛІГІ	9

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі		Е 304-2026
«ОҚМА» АҚ Ғылымдық кеңесі туралы ереже		4-ші басылым 11 беттің 4 беті

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы құжат мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленген:

Осы Ережеде мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

- Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;

- «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы;

- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы

- Ғылым және технологиялық саясат туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ;

- Академиялық адалдық кодексі К 121-2023;

- «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі Е 507-2026;

ISO 9000:2015 Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелері мен сөздік;

ISO 9001:2015 Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;

СТ 002-2024 Ішкі нормативтік құжаттарды басқару;


СТ 003-2024 Ұйымдастыру құжаттарын басқару;

СТ 011-2024 Персоналды басқару;

СТ 012-2025 Профессор-оқытушылар құрамының, әкімшілік-басқару персоналының және ғылыми қызметкерлердің біліктігін арттыру;

СТ 023-2024 «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттары;

- ҚР қолданыстағы заңнамасымен және «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ өзге де ішкі нормативтік құжаттарымен.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA - 1979 -	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі	Е 304-2026	
«ОҚМА» АҚ Ғылымдық кеңесі туралы ереже	4-ші басылым 11 беттің 5 беті	

2 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Төменде осы құжатта жиі қолданылатын немесе маңызды терминдер келтірілген:

Академиялық адалдық — бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидағдары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы.

Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет.

Жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам.


Жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

Процесс -«Кіріс» «Шығыс» түрленетін әрекеттің өзара байланысты және өзара әрекеттесетін элементтерінің жиынтығы.

Ғылыми-зерттеу жұмысы -ғылыми құнды жаңалыққа қол жеткізу мақсатында жүргізілетін бекітілген тақырып бойынша жоспарланған ғылыми зерттеулер мен іс-шаралар.

Шығыс құжаттар -жоспарлар, есептер, ҒЗЖ талдау бойынша құжаттама, өтінімдер, хаттарға жауаптар, сұраныстар және өтініштер.

Кіріс құжаттар ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, ҚР ғылым және жоғары білім министрлігінің ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттары, ұйымдардың хаттары мен сұраныстары.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі		Е 304-2026
«ОҚМА» АҚ Ғылымдық кеңесі туралы ереже		4-ші басылым 11 беттің 6 беті

Құжатталған ақпарат - ұйым ақпаратты және оның тасымалдаушысын басқару және қолдау тиіс.

3 БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Төменде осы Ережеде мынадай қысқартулар мн белгілер қолданылады:

«ОҚМА» АҚ	«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы;
ҒЗЖ	Ғылыми-зерттеу жұмысы;
ҒК	Ғылымдық кеңес;
ҚР	Қазақстан Республикасы;
ҚР ДСМ	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі;
ҚР СТ	Қазақстан Республикасы Ұлттық стандарты;
ПОҚ	Профессор-оқытушылық құрамы;
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Ғылымдық кеңес (әрі қарай - ҒК) –«ОҚМА» АҚ-ның кеңес беру органы болып табылады.

4.2. ҒК ректордың бұйрығы негізінде құрылады.

4.3. ҒК-тің негізгі мақсаттары – ғылыми-зерттеу жұмыстарының тиімділігін арттыру.

4.4. ҒК-тің негізгі жұмысы «ОҚМА» АҚ ректорымен бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

4.5. ҒК –тің отырыстары ректор бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. ҒК- тің кезектен тыс отырыстары қажет болған жағдайда өткізіледі


4.6 ҒК-тің жұмысын ұйымдастыру тәртібі:

4.6.1 Төраға бекітілген жоспарға сәйкес жұмысты ұйымдастырады және ҒК- тің отырыстарын өткізеді.

4.6.2 Хатшы ҒК отырыстарына дайындық жұмыстарын жүргізеді (ҒК мүшелерін кезекті отырысы туралы хабардар ету) және кеңестің отырыстарын өткізуді жүзеге асырады.

4.6.3 ҒК - тің тұрақты мүшелерінің кем дегенде жартысы қатысса, шешімдер қабылданған болып есептеледі. ҒК-тің ассоциацияланған мүшелері консультативтік дауыс беру құқығына ие.

4.6.4 ҒК - тің шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады. ҒК көршіліктің дауысымен өз құзыреттілігіне кіетін кез келген мәселе бойынша жасырын дауыс беру туралы шешім қабылдай алады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі	Е 304-2026 4-ші басылым 11 беттің 7 беті	
«ОҚМА» АҚ Ғылымдық кеңесі туралы ереже		

4.6.5 ҒК - тің шешімдері консультативтік болып табылады, шешім қабылдау туралы хаттама «ОҚМА» АҚ –ның Ғылыми кеңесінде бекітіледі.

Кеңес құрамында ғылыми комитеттер жұмыс істейді, олар медицина және фармацевтика саласындағы ғылыми-зерттеу қызметінің бейінді бағыты (бұдан әрі- ҒЗЖ) және аралас мамандықтар бойынша қалыптастырылады.

4.6.6 Ғылыми комитеттердің қызметі жеке ережемен реттеледі.

4.7. Кворум туралы:

4.7.1 Ғылыми кеңестің отырысы, егер оған Кеңес мүшелерінің кемінде үштен екісі (2/3) қатысса, заңды (құқықтық күші бар) болып есептеледі.


4.7.2 Кворум болмаған жағдайда, Ғылыми кеңестің отырысы өткізілмейді немесе басқа күнге ауыстырылады.

4.8 Дауыс беру тәртібі

4.8.1 Ғылыми кеңесте шешімдер ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

4.8.2 Шешімдер отырысқа қатысып отырған Ғылымдық кеңес мүшелерінің жай көпшілік даусы 50% -дан жоғары болғанда қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.


5 ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ



6 НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1 ҒК мақсаты «ОҚМА» АҚ ғылыми-зерттеу қызметін сапалы және тиімді басқаруды қамтамасыз ету болып табылады.

6.2 ҒК- тің негізгі міндеттері:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA - 1979 -	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі	Е 304-2026	
«ОҚМА» АҚ Ғылымдық кеңесі туралы ереже	4-ші басылым 11 беттің 8 беті	

- «ОҚМА» АҚ –ның халықаралық, руспубликалық ғылыми –техникалық бағдарламаларына қатысуға ұсыныстарды қарау;
- стратегиялық және өзекті мәселелерді қарастыру және ғылыми – зерттеу жұмыстарын үйлестіру;
- «ОҚМА» АҚ ПОҚ пен білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының тиімділігін бағалау.

7 НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТІ

7.1 «ОҚМА» АҚ бойынша зерттеулердің ағымдағы жағдайын талдау.

7.2 Ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттары мен міндеттерін анықтау, оларды дамытудың тиімді жолдарын дамыту.

7.3 Ғылыми зерттеулер үшін болжамдар мен бағдарламаларды әзірлеу, ғылыми зерттеулердің маңызды нәтижелерін практикалық қолдану бойынша ұсыныстар дайындау.

7.4 Медицина және фармацевтика саласындағы зерттеулердің маңызды нәтижелеріне арналған жиынтық есептерді жасау.

7.5 Ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын дамыту мақсатында конференциялар, симпозиумдарды ұйымдастыру және өткізу.

8 ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8.1 ҒК мүшелері ҒК төрағасы қабылдаған шешімдерге сәйкес келесілерге құқығы бар:

- «ОҚМА» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің басшыларынан ҒК қарастыратын мәселелерді дайындауға қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрау;


- бөлімшелердің қызметкерлерінен материалдарды дайындауды олардың басшылығымен кеңесу үшін тарту;

- ҒК қарауына келіп түскен материалдарды қарау және қорытынды жасау үшін құрылымдық бөлімшелерге беру;

- жекелеген мәселелер бойынша ҒК шешімдерінің жобаларын қарау және дайындау жөніндегі тұрақты және уақытша комиссиялардың жұмысына қатысу;

- қабылданатын шешіммен келіспеген жағдайда өзінің ерекше пікірін ҒЖ отырысының хаттамасында арнайы жазбамен көрсету.

8.2 ҒК мүшелері отырыстарға қатысуға және олардың жұмысына белсенді болуға, ҒК шешімдерін, ҒК отырысында мәселелерді дайындау бойынша төрағаның тапсырмасын орындауға міндетті (сараптамалар жүргізу, құжаттар мен шешімдер жобаларын дайындау және т.б.).

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі	Е 304-2026	
«ОҚМА» АҚ Ғылымдық кеңесі туралы ереже	4-ші басылым 11 беттің 9 беті	

8.3 ҒК қауымдастырылған мүшелерді қаралатын мәселелерде олардың құзыреттілігін ескере отырып, отырыстарға қатысуға шақырылады.

8.4 «ОҚМА» АҚ-ның кез келген қызметкері (оның лауазымына, құзыреттілігіне қарамастан) білім алушылармен әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті.

8.5 ҒК мүшелері жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

9 ЖАУАПКЕРШІЛІК

9.1 ҒК жұмысына ҒК төрағасы жауапты болады.

9.2 ҒК төрағасы Ғылыми кеңеске ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына жауап береді.

9.3 ҒК отырыстарының хаттамаларын жүргізуге хатшы жауапты болып табылады.

9.4 ҒК мүшелері жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады.

9.5 Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады.

10 ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН БАЙЛАНЫС РЕТТІЛІГІ

10.1 ҒК жұмысын Бірінші проректор үйлестіреді. ҒК «ОҚМА» АҚ ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіреді. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының тиімділігін реттейтін құжаттар ҒК отысырында талқыланады, Ғылыми кеңестің бекітуіне шығарылады.

10.2 Бекітілгеннен кейін құжаттар мен шешімдер тиісті бөлімшелер мен кафедраларға, оның ішінде ғылыми жұмыстар бөліміне, қажет болған жағдайда сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөліміне жіберіледі. Ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректор олардың орындалуына бақылау жасайды.

10.3 Әзірленген құжаттар «ОҚМА» АҚ қолданыстағы процестеріне сәйкес келмеген немесе ішінара сәйкес келмеген және құжаттарға сәйкес

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі		Е 304-2026
«ОҚМА» АҚ Ғылымдық кеңесі туралы ереже		4-ші басылым 11 беттің 10 беті

оларды орындау мүмкін болмаған жағдайда тиісті құрылымдық бөлімше осы мәселені шешу бойынша өз ұсыныстарын енгізуге тиіс. Бөлімге қажет болған жағдайда келіп түскен жазбаша ұсыныстары қарайды, оларды ғылыми кеңеспен келіскеннен кейін тиісті өзгерістерді қабылдайды.


10.4 ҒК ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректор арқылы «ОҚМА» АҚ –ның Ғылыми Кеңесіне белгіленген мерзімде келесі есептік және жоспарлы құжаттарды ұсынуға міндетті:

- ҒК жұмысының күнтізбелік жылға арналған жоспарын ағымдағы жылдың 20 желтоқсанына дейін;

ҒК жұмысы жөніндегі есепті ағымдағы жылдың 15 желтоқсанына дейін.

ҒК құжатталған ақпараты тұрақты мерзімде сақталады.

Әзірлеген:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми жұмыстар бөлімі «ОҚМА» АҚ Ғылымдық кеңесі туралы ереже		Е 304-2026 4-ші басылым 11 беттің 11 беті

Лауазымы	Т.А.Ә.
Ғылыми жұмыстар бөлімі меңгерушісі	Сейіл Б.С.

Тексерген:

Лауазымы	Т.А.Ә.
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Ержанов Н.А.
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасы басшысы	Кабиштаев О.А.

Келісілген:

Лауазымы	Т.А.Ә.
Комплаенс офицер	Пернебаев Н.А.
Ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректор	Аукенов Н.Е.

Лист согласования и подписания

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Сейіл Біржан Сейітұлы	Разработано	26.05.2026, 11:40:39	Без замечаний	
Ержанов Нурлан Амирович	Проверено	29.05.2026, 12:35:31	Без замечаний	
Кабиштаев Орынбасар Абдукаримович	Проверено	26.05.2026, 17:22:43	Без замечаний	
Пернебаев Нургали Алиханович	Согласовано	28.05.2026, 10:56:11	Без замечаний	
Аукенов Нурлан Ерденевич	Согласовано	28.05.2026, 10:48:15	Без замечаний	
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Подписано	29.05.2026, 12:42:10	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУЭЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556
Ержанов Нурлан Амирович	Зарегистрировано	29.05.2026, 14:38:20	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУЭЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, ЕРЖАНОВ НУРЛАН, Акционерное общество «Южно-Казахстанская мед

